

## Әкімшілік жиналыс хаттамасы №1

Қатысқандар: 24

Қатыспағандар:-

Күн тәртібінде:

- 1.Мемлекеттік ЖМБСтандартының талаптарын орындау үшін ата-аналар бұрыштарын және топтарға арналған бұрыштарды жаңарту.  
/Тәрбиешілер/
- 2.Балалардың балабақшада адаптациялық кезеңін ұйымдастыру шаралар  
/Психолог Б.Омарова/
- 3.Ертеңгіліктер мен сауықтыру шараларын талдау және бекіту.  
/әдіскер Б.Омарова,Менгеруші Қ. Исмайыл/

### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселелер бойынша балабақша психологі Б.Омарова баяндама жасады .

Әр топтың ата-аналар бұрыштары мен топ бұрыштары талапқа сай жабдықталған.

Баланың балабақшаға бейімделуі өзінің психологиялық және тұлғалық ерекшеліктеріне,отбасылық қарым-қатынастарына,мекемедегі қатысу шарттарына байланысты. 2-3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Себебі, әр бала жаңа жағдайға әртүрлі бейімделеді.Сонымен қатар тәрбиешінің баламен қарым-қатынасына да байланысты,- деді. /баяндама қоса тігілді/

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ертеңгіліктер мен сауықтырулар жоспары таныстырылды.

### Сөз сөйлегендер:

Ж.Қайрлыбай-тәрбиеші

Жаңа оқу жылында жаңартылған бағдарлама бойынша балалардың білімін дамытып отырамыз.Ертеңгіліктерді талапқа сай өткіземіз.Ата-аналар бұрышын үнемі жаңалап, жаңартып отырамыз . Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту ,ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы күн сайын ойын түрінде балалардың түрлі әрекеттерінде іске асырамыз.

Г.Талипова-тәрбиеші

Баланың дұрыс дамуы үшін алдымен олардың танымдық қабілеттерін арттыру орынды деп есептеймін . Балалардың өз бетінше ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік жасап отырамыз. Ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ,еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігімен сомдауға ынталандырамыз.

Қаулыетеді:

- 1.Барлық баяндамалар қанағаттанарлық деп есептелсін.
- 2.Ертеңгіліктер мен мерекеліктердің жоспары талапқа сай деп табылып, бекітілсін .
- 3.Ертеңгіліктер мен мерекеліктер жоспарға сай өткізу тәрбиешілер ден сұралсын .
- 4.Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту саласы бойынша жұмыстар баланың жас ерекшеліктеріне сай бағдарлама негізінде жүргізу тәрбиешілерге жүктелінсін .

Жиналыс төрағасы:

Қ.Исмайыл

Хатшы:

А.Момбекова

